Еркіндік жалпы білім беретін мектебі бойынша 2023 - 2024 оқу жылындағыпсихология қызметінде жүргізілген қорытынды жұмыстардың есебі

Ұйымдастырушылық – әдістемелік жоспарда мектептегі педагог- психологтың іс-әрекеті бекітілген жылдық жоспар мен лауазымдық міндеттеріне сай және **«Орта білім беру ұйымдарындағы психологиямық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығын негізге ала отырып нақты жалпы мектепішілік жоспарды ескере отырып, оқу- тәрбие жұмысының жоспарына сәкес құрылды. Бұл жағдай педагог- психолотың жұмыс әрекетіне біршама өзгерістер әкелді.

Педагог-психологтың жұмысының негізгі мақсаты болып, білім беру ұйымының қатысушыларының психологиялық денсаулығын сақтау; білім беру мекемесінде жағымды әлеуметтік- пссихологиялық климатты қалыптастыру және оқушылармен олардың ата-аналарына және педагогикалық құрамға психологиялық қолдау көрсету.

Педагог-психолог жұмысының міндеті :

1) Әрбір баланы жекелеген түрлі психологиялық әрекет арқылы танып білу.**2)** Кәсіби бағдары мен бейімделу кезіндегі қиындықтардың алдын алу, сонымен қатар оқушыға өз кәсібін таңдауға бағыт – бағдар беру.

3) Оқушы өмірінде тығырыққа тірелген қиын сәттегі кезеңдерінде көмек беру.

4) Ата – аналармен отбасылық психологиялық өз ара түсінік қалыптастыру жайында сұхбаттар жүргізу.

Еркіндік мектебінің психологиялық қызметі Қазақстан Республикасының Білім заңын және нормативтік құжаттарды басшылыққа алып жоспар бойынша жұмыс атқарылды. Мектеп психологы психодиагностикалық, психоағарту-психопрофилактикалық, психокоорекциялық түзету-дамыту, психоконсультациялық көмек беру сияқты жұмыстар атқарылды. Мектептегі психологиялық іс-шаралар өз ретімен өткізілді.Психологиялық диагностика бастауыш, орта, жоғары буындарда психологтің жоспары бойынша және мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің ұсыныстары мен сұраныстары бойынша өткізілді.Бұл диагностикалар оқушыларды жеке дара, топтық зерттеу үшін арнайы әдістемелер арқылы жүзеге асты.Оқушылардың қызығушылығын ояту, зейін, ес, ойлау процестерінің жан-жақты даму деңгейін анықтау, оқу мотивациясы мен интеллектуалдық қабілетін анықтауға арналған бастауыш сынып оқушыларымен арнайы тапсырмалар, сауалнамалар, тест, әңгімелесу, ойындар мен жаттығулар түрінде жүргізілді.

I. Әлеуметтік психология қызметі бойынша келесі жұмыстар жүргізілді.

5.09.2022 жыл – 26.09.2022 жыл аралығында ата - аналар жиналысы өткізіліп.Оқушыларға психологиялық педагогикалық сүйемелдеуді жүргізуге ата - аналардан келсімін алуға, мектептің психологиялық қызмет жоспары таныстырылып жұмыс істеу қағидалары қаралды.ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 25.08.2022ж.N377 бұйрығы туралы ақпарат берілді. Жиналысқа ата – ана қатысты. Ал жалпы келсім берген ата - аналар саны 95 келсім бермеген ата - ана болған жоқ.



АСППМ бойынша SWOT талдау

Күшті жақтары	**Әлсіз жақтары**
Тест сауалнаманың қорытындысын уақытында өңдеп алу	Негізгі сауалнамалардың болмауы
Мүмкіндіктері	**Қауіп қатері**
Кез - келген жерде қолдануға мүмкіндігі бар .Сілтеме арқылы кіріп қажет уақытында оқушы тест тапсыра алады	Мінездеме Психологиялық карталардың орналаспауы



1 сынып оқушыларымен жүргізілген диагностикалық жұмыстар:
Мектепке бейімделуін кешенді зерттеу мақсатында Керн- Йирасик әдістемесінің

Қорытынды: баланың майда нәзік қимыл әрекеттерінің қалыптасқанын және үйлесімділігін анықталды. Жоғары 3 оқушы – 37:5%, орта 3 оқушы – 37,5%, төмен 1 оқушы 12,5% және өте төмен 1 оқушы 12,5%-ды құрады.

Бейімделу сауалнамасы (қыркүйек айы)

Сауалнама қорытындысы бойынша сыныпта 1оқушы да жоғары бейімделу, бала мектепке, оқудағы ауырпашылыққа және мектептегі оқушылармен жақсы қарым-қатынаста және белсене атсалысады. 2 оқушыда орташа бейімделу, Бала мектептегі оқуға бейімделген. Балада бейімделушілік көрінеді.
Ал 3 оқушыда төменгі бейімделу көрсеткішін көрсетті.

МАД тобының мектепке бейімделуі «Мектептің суреті»

6-5 ұпаймен, яғни оқушыда мектепке және сабаққа деген эмоциялық жағымды ұстаным. Ол мұғаліммен қарым-қатынасқа түсіп, оқу тапсырмаларын жақсы қабылдай алатын – 6 оқушы, 60 %.

4-2 ұпаймен, мектепке деген, сабақ, оқу жайлы қорқыныш сезімі бар – 4 оқушы, 40 %.

1-0 ұпаймен, яғни мектеп алдында қорқыныш сезімі бар оқушы жоқ.

5 сыныптан Филлипсәдістемелері жүргізілді.



Қорытындысы: Оқушылардың бойында мектепке мазазыздықтың жоғары деңгей көрсеткіші жоқ. 1 оқушыда өзін өзі көрсету қорқынышы бар.
1-4 сынып оқушыларының оқу мотивациясының деңгейін анықтау мақсатында Лусканова, 5-11 сыныптардан Спиллберг- Андреева сауалнамасы алынып, нәтижесі шығарылды. 9-11 сыныптан оқушылардың кәсіби бағдар беру, қызығушылықтарын анықтауда қызығушылық картасы алынды.

	Физика и математика	Химия и биология	Радиотехника и электроника	Механика иконструировани е	География и геология	Әдебиет және өнер	Тарих және саясат	Педагогика журналистика	Кәсіпкерлік	Әскериіс және спорт
9 сынып					+	20%	0%		20%	40 %
10 сынып	17%	34%					34%			
11 сынып	14%	**14%**			28%	14%				28

II. Психопрофилактикалық жұмыстар :

Қыркүйек айында "Баламды қалай мектепке дайындаймын" даярлық , 1-сынып ата-аналарына "Баланың мектепке оқуға бейімдеу" баяндамалар өткізілді. 5 – 6 сынып ата - аналарына «5-сынып ата-аналарына балаларның орта буынға бейімделу ерекшеліктері» атты баяндама, "Буллинг және киббербуллинг." тақырыында баяндама ата -аналармен



""“Мамандық таңдауда қателесуге бола ма” атты тренинг 9-11 сыныптармен ,қыз балалармен “Қыз қылығымен” әңгіме сағаты, “Зорлық зомбылыққа жол жоқ” тақырыптарында іс шаралар өткізілді.

Қараша айында **Суицидтік мінез – құлықтың алдын алу мақсатында** ата – аналарының жиналысы, мектеп қызметкерлерін,қатысып суицидтік - мінез құлықты болдырмау мақсатында «**Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылық, қатыгездік, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлықтыңалдын алу мәселелері және оны шешу жолдары** » атты презентация қорғалып кеңестер беріп, алдын – алу шараларымен таныстырдым.

І жарты жылдықта жоспарлаған 1-11 сыныптарда психологиялық сағаттар уақытылы өтіліп отырды. УчаскелПолициямен бірігіп оқушылар арасында бұзақылық істерге бармау жайында **«Жасөспірім және қылмыс »** жайлы әңгіме, пікір бөлісу сағаты өткізілді. Жиналысқа мектеп директоры А А Амирова, тәрбие ісінің меңгерушісі Шарипова О. Ә, әлеуметтік педагог Ақпан Г. Е, психолог Ыдырысова Қ. Ж. және ІІБ мамандары қатысты.

Желтоқсан айында «Психология таңғажайып ғылым» тақырыбында психологиялық апталық өтті. Апталықта жоспарланған іс шаралар уақытында өтілді. Өткізілген шаралар уақытылы әлеуметтік желіге жүктелді.

III. Психологиялық кеңес беру бағыты бойынша атқарылған жұмыстар

2023-2024 оқу жылында 1-сынып, 5-сынып, 9-сынып, 11-сынып оқушыларына, бейімделу және стресстік жағдайлардан шығу үшін үнемі кеңестер берілді. 11 сынып оқушыларымен ҰБТ алдындағы қорқыныш, мазасыздану деңгейлерін жою мақсатында, олимпиада, интеллектуальды сайыстар, байқауларға қатысатын оқушыларға кеңестер беріліп отырды. Мұғалімдердің , ата аналардың сұранысы бойынша жеке кеңестер берілді.

Еркіндік жалпы білім береу мектебінде биылғы оқу жылындағы I жарты жылдық бойында жоспарланған жұмыстардың көпшілігі жүргізілді. Сынып жетекшілермен үнемі байланыста болып бірлесіп жұмыстар атқарылды.

IY. Қорытынды бойынша реттелген жұмыстар:

1.Оқу жылы бойынша жаңадан келген балаларды тіркеу жұмысы жүргізілді.

2. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізілді

3. Сынып жетекшісінің сұрауы бойынша тәрбие жағынан қиындық тудыратын оқушылармен кеңес беру жұмысы жүргізіліп, тіркеу журналына уақытында тіркеліп отырды.

Мектеп директоры : **А. А Амирова**

Орындаған педагог психолог Ыдырысова Қ